

мақсатты түрде және біртіндеп кеңейтіп дамыту қажет;

- «дәрекілікке қарсы иммунитетті» (Д.Б.Кабалевский) күшейту мақсатында оқушыларға әр түрлі бағыттағы қазіргі попмузыкаларды ең үздік туындыларымен таныстыру керек;

- оқушылардың музыкалық білім алуын кеңейтіп және сол алған білімдерін әр түрлі музыкалық шығармашылыққа қолдана білуіне ықпал ету керек;

- музыкалық сабақтарда әр оқушының музыкамен тілдескендей күй кешіп, оның мәні-мағынасына жете үңіліп шығармашылық шаттыққа бөленуіне жағдай жасау қажет;

- әр мұғалім өзінің жұмыс жоспарын музыка балалармен күнделікті өмірде бірге жасасып, тіршіліктің ажырамас бір бөлігіндей қажеттілік тудыратын жағдайда құруы керек.

1. Абдуллин Э.Б. Теория и методика преподавания музыки//Музыкальное обозрение: Методолого-методическая подготовка учителя музыки. – (Сер «Педагогический университет»). – М., 2000.

2. Анисимов П.В. Методика преподавания музыки: проблемы становления профессионального стиля // Методолого-методическая подготовка учителя музыки: Материалы VII международной научно-практической конфе-

ренции / Отв. Ред. Э.Б.Абдуллин, Е.В.Николаева. – М., 2002.

3. Безбородова Л.А., Алиев Ю.Б. Методика преподавания музыки в общеобразовательных учреждениях. – М., 2002.

4. Кабалевский Д.Б. Основные принципы и методы программы по музыке для общеобразовательной школы // Программно-методические материалы. Музыка. Начальная школа. – М., 2001.

5. Красильников И.М. Интонационная концепция музыкальности и модель дополнительного музыкального образования // Искусство в школе. – 2000. - №1.

6. Красильников М.С., Критская Е.Д. Методы музыкального образования // Музыкальное образование в школе: Учеб. пособие / Под ред. Л.В.Школяра. – М., 2001.

7. Медушевский В.В. Духовно-нравственное воспитание средствами музыки // Преподаватель (Спецвыпуск «Музыкант-педагог»). – 2001. - № 6.

8. Музыкальное образование в школе: Учеб. пособие / Под ред. Л.В.Школяра. – М., 2001.

9. Майковская Л.С. Артистизм учителя музыки: Учеб. пособие / Под ред. Э.Б.Абдуллина. – М., 1998. Надирова Л.Л. Струны общности: теоретические основы развития эпатии у студентов музыкально-педагогических факультетов: монография. – Владимир, 1999.

Использование материалов музыкального искусства в процессе обучения.

Use of music art materials in the teaching process.

Н. Дүкенбай

МУЗЫКАЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ ПРИНЦИПТЕРІ

Қазіргі уақытта философиялық және әлеуметтану–психологиялық ізденістер көрсетеді, қандай да болсын кәсіби іс-әрекетінде (рухани не материалдық) әр қашанда объективті-субъективті сипаты көрінеді, сол кезеңінде ол тұлғаның диалектикалық (іс-әрекет субъектісі) байланысы объектілік қызметінде (пәнімен, процесімен, құбылысымен) ұштасады. Осы ерекшеліктер кәсіби (пәннің) әрекетіне ықпал етеді. Ал, психологиялық және басқадай тұлғалық ерекшеліктер қайталанбайтын жекеше (субъективтік - тұлғалық) сипатының мазмұны.

Қазіргі уақытта мамандар түрлі ғылым және көркемдік салада өз көңілдерін субъективті-тұлғалық аспектісінің рөлін анықтап, оның уәжділік, мазмұндылық және іс-әрекетінің про-

цесс жағына, оның қорытынды нәтижесіне аударады.

Сондықтан объективтік және субъективтік диалектикасы тұлғаның өнермен байланысында көрініп, ал белсенді - тұлғалық әлемді көркемдік түсіну сол өнердің негізін салушы принцип деп атаймыз. Б.А.Покровскийдің айтуынша: «Автордың интонациялық бейнесін табу және түсіну емес, өзіндік актерлық шеберлігін табу».

Осы принципті қарастырған кезде **ҒЫЛЫМ мен көркемдік бірлігі** мәселесі туады. Мысалы, музыкалық – педагогикалық мәселені әдіснамалық талдау барысында нақты педагог – музыканттың, нақты шарт бойынша жұмысында және нақты кәсіби деңгейінің дамуында өзі орындайды. Бұл кезде педагог-музыканттың

өнер заңдылықтарына сүйене, ғылым мен көркемдік бірлігін тұлғалық – шығармашылық қатынасымен көреді.

Музыкалық – педагогикалық мәселенің әдіснамалық талдау процесінде келесі жағдай маңызды болып келеді, осыған педагог – музыкант қандай қатыста екенін: мәселені шешу барысында философиялық, жалпығылымилық, арнайы сипаттағы білімінің пайдалануы, осы білім арқылы қандай да болсын мәселеге түсінігі бар ма, тұлғалық ізденісінің өз (ұстанымы) позициясы.

Объективтік және субъективтік байланыс принципін іске асыру, әр кезеңдегі әдіснамалық талдау деңгейі объективті болса да, өзінің тұлғалық – шығармашылық мінезі қатар жүреді. Өзінің талдау нәтижесінде ғылыми құралдары білім, категория, дәлел – осыны өзінің «жанды» миымен, жүрегімен сезінуі.

Д.Б.Кабалевскийдің музыкалық – педагогикалық іс-әрекетінде объективтік және субъективтік байланыс принципі жүзеге асты. Ол композитор, музыкатанушы, орындаушы, педагог ретінде емес, өнер саласында өзінің кең білімділігімен, музыкалық өнердің табиғатын түсіне білетінін, «суретші» ретінде, қоршаған әлемді өзіндік көзқарасымен, бағалауы, тұлғалық – субъективтік мінез ерекшелігімен танылды.

Д.Б.Кабалевский «Музыка» пәнінің ерекшелігі мен мақсатын шешу үшін Б.В.Асафьевтің және басқадай педагог – музыканттардың идеясына сүйенді, әдіснамалық мақсаты мен міндеттерін шешу барысында өзінің «кілтін» тапты. Біріншіден, ол өзінің нақты ұстанымында тұрды: оқу бағдарламасының принциптері мен әдістері музыканың өзінен шағады, байланысты, оның интонациялық–бейнелеушілік табиғатынан. Екіншіден, мектептегі музыка сабақтары болашақ жас ұрпатың рухани, құлықтылық тәрбиенің байланыстығында. Осы екі мақсатты Д.Б.Кабалевский өзінің тұжырымдамасында **тақырыптылық ұйымдастыру принципті** музыкалық – педагогикалық процесте шешуі. «Жаңа бағдарламаның тақырыптылығы – бұл баспалдақ, оның басқыштары (тақырыптары) оқушыны музыкалық мәдениетті меңгеруі. Бір басқыш берілмесе, ол деген баспалдықты жою, бағдарламаның біртұтастылығын жою, одан барлық шығармашылық, музыкалық-педагогикалық мағынасын алып тастау деген».

Сондықтан оның тақырыптылық принципі музыкалық сабақтарды жаңадан құрастыру, жаңашылдығы, негізі мәңгілік сұрақты шешу – «музыка сабағының біртұтастылығы». Музыканың ерекшелігін терең сезініп, композитор музыкалық өнердің заңдылықтарына оқу бағ-

дарламасына өзінің логикасын ұсынды. Д.Б.Кабалевский музыкалық білім мен икемділігін зерттей отыра, тұлғалық – шығармашылық түсінігімен қарастырып, музыкалық білім беру мазмұнының компоненттерінің түсінігі мен ерекшелігі кеңейтілді.

Д.Б.Кабалевскийдің концепциясында негізі, маңызды, өзіндік ұстанымы арқылы бағдарламаның айқын **бейнелеушілік кішіпейілдік бағыты**. Өзінің концепциясында жалпы педагогикада және музыкалық білім беру педагогикасының (В.А.Сухомлинский, В.Н. Шацкая) тезисінің негізі деп оқушылардың құлықтылығы пен эстетикалық тәрбие дамуын құрал ретінде, өмірмен байланысы және басқадай өнер мен мәдениет көріністерінде дейді. Сондықтан оқу – педагогикалық процесте өткен музыкалық мұраның рөлі, оның маңызы мен орны алады.

Біріншіден – мұғалімнің балаға кішіпейілдік көзқарасы міндетті, мұғалімнің шығармашылық потенциалы, музыкалық сабақтар «адамгершілік» пен жоғары рухани қатынаста болуы, мұғалімнің шығармашылық белсенділігі мен мақсаттылығы.

Осыдан музыка мұғаліміне (адамға, кәсіби мұғалімге) қойылатын негізгі талап: «Адамның шығармашылық бастамасы, өз еңбегінде шығармашылық қатынасы болмаса – маман – жаратушы мен жәй ғана маман – кәсіпкер «су бөлгіші» болады» (Д.Б.Кабалевский).

Сондықтан, әдіснамалық талдау кезінде объективтік және субъективтік байланысының принципі оның психологиялық ерекшелігі мен шығармашылық сипатында, музыкалық – педагогикалық мәселе ізденіс процесіндегі ғылымилығы мен көркемділігінде.

Кәсіби музыкалық – педагогикалық мәселесінде әдіснамалық талдауды жүзеге асыру барысында педагог-музыкант «философ» та, «музыкатанушы», «психолог» та бола алады. Ізденіс кезінде кім болса да біріншіден ол педагог, педагог – музыкант. Осы ұстаным педагог-музыканттың ізденіс бастаушысы. Осы ұстаным келесі принципті талап етеді – **кәсібилік бағыттың принципі**. Сондықтан, кәсібилік бағыт принципі әрбір әдіснамалық талдау деңгейін музыкалық-педагогикалық қызметінің ұстанымының **нақтылауын** қажет етеді.

Педагог – музыкант өз жұмысында ізденіс мәселесінің объективтік маңызы бар ма (музыкалық – педагогикалық теория мен практикада мағналы және актуалдығы), әлде субъективтік мәні бар ма (бұл жеке ізденушінің «дипломдық» жұмысындағы қайшылығы ма). Ал басқа педагог – музыкант осы мәселені жұмыс барысында басқадай шешуі мүмкін (басқадай аспектілері

мен сұрақтары болуы мүмкін). Сондықтан педагог - музыкантта әдіснамалық талдау жұмысында шығармашылық сипаты өзінің логикалық – мазмұнды құрылысында көрінеді.

Ізденіс жұмысында, әдіснамалық талдау кезінде объективті-субъективтік факторлар мен жағдайларға байланысты. Мысалы, педагогтың тұлғалық ерекшелігі, мәселенің, ізденіс мақсатының сипаты, керекті ғылыми әдебиетінің бары т.с.с.

Кәсіби бағыт принципінің негізгі шарты – философиялық, жалпығылымилық білімді музыкалық білім беру педагогика саласына ізденіс мәселесіне, педагог - музыканттың тұлғалық - шығармашылық сипатына ықпал, оның кәсіби шеберлігінің қалыптасуына «дыбыс ырғағын, сазын қайта қарауында». «Интонациялауды қайта қарауда»: практика мен шынайы өмірде; мәселенің актуалдығы, талдау кезіндегі логикалық құрылысы; өзінің қызметінің кәсібилігі, музыкалық өнердің ерекшелігі; өнер мен педагогиканы өзінің тұлғалығына бағыттауы, рухының дамуы мәселесінде.

В.А.Сухомлинский: «Музыкада да, сөзде де адамның бейнесі сөзсіз. Баланы музыкамен сергіту - біз ойын, сезімін жаратамыз (облагораживаем) ... Баланың сезімдік жаны – музыкалық әуенді жүрегінде қабылдап, сана-сезімінің тіршілік бастауы болсын. Бұл сезімтал музыканттың жаны. Енді біздер «күйленген шектерді» (баланың) бассак, онда музыканың ғажайып үндер сыңғыры шығады».

Б.В.Асафьев пен Г.Г.Нейгаузе, Д.Б.Кабалевский мен В.В.Мендушевскийдің тұлғалық экспресс-көркемдік саздылығына сүйеніп, шығармашылық қызметтерінің кәсібилік ұмтылдыруы, ғылымилығы мен көркемділігінің үйлесуі, музыкант–педагогқа үлгі ретінде, идеал ретінде қонсын.

Әдіснамалық талдау кезінде маңызды ерекшелігінің бірі, тиімді шешуі – ол оның **біртұтастылығы**. Бұл сапалық деңгей оның әдіснамалық талдау деңгейінің диалектикалық бірлігі–философиялығы, жалпығылымилығы және жеке ғылымилығы - біртұтастылық талдау дейміз (бірлік, түрлі компоненттерінің байланысы). «Бүтінділік, біртұтастылық» – барлық әдіснамалық талдау деңгейінің диалектикалық бірлігі, музыкалық білім беру педагогика категориясы мен мәселесінің біртұтас жүйесі, әртүрлі компоненттерінің әрекет қатынасы.

Мысалы, сабақ – музыкалық білім беру жүйесінің бірі, ол психологиялық – дидактикалық сипаты арқылы процестің нақтылығы.

Сондықтан берілген талдаудың заңдылығы философиялық және жалпы педагогикалық

түрғыда қарастыру емес, ол музыкалық ғылым, «қазіргі жағдайда әрбір ғылыми пәні жай ғана сала емес, ол көзқарас: «бүтіндік» көзқарасының жан-жақтылығы, ерекше мәселесінің көзқарасы».

Философиялығы, жалпығылымилығы және жеке ғылымилығының деңгейі әдіснамалық талдауының маңызды принципі болып табылады. *Бірлік функциясының маңыздылығы – музыкалық – педагогикалық мәселені әдіснамалық талдау бірізділік бағытында шешуі, оның музыкалық білім беру ерекшелігінде, педагог–музыкантты дайындау барысында.*

Осы принципті қолдана отыра талдаудың шыңына жету, мәселені шешуі, музыкалық - білімділік және музыкалық - педагогикалық процестің байланысы мен қатынасы болып табылады.

Г.Г.Нейгауза тұлғалығы музыкант ретінде, педагог - музыкант, жан-жақты әрекетін Я.И.Мильштейн былай дейді: «Нейгауз - өйшыл суретші. Көркемдік, психологиялық, философиялық түрғыда талқылауға талпынады». «Диалектиканың шыны, - жазады ол, - ақиқат ортасында екенін үйретеді: автор мен оқушының арасында жақсы мұғалім болса, автордың ойына, сезіміне терең кіріссе, ол мақсатты шешуші болып табылады». «Музыканы талдау кезінде орындаушы уақытша жанды музыканы ұсақ-ұсақ «молекула мен атомға» бөліп тастайды және де өңдеу барысында қайта музыкалық организмнің жанды мүшесі бола алады».

Е.В.Николаева өзінің зерттеу жұмыстарында келесі жаңашылдықтарды ұсынады: әдіснамалық позициядан қарағанда көңілден шығатын кезең жаңа үш теориялық зерттеу әдісін ұсынады: интонациялық (дыбыс ырғақтылық), парадигмалды – педагогикалық және өркениеттілік.

Интонациялық (дыбыс ырғақ) әдістің маңызы – отандық музыкалық білім беру тарихындағы музыкалық өнердің эволюциялық бірізділік жүрісінде өнердің «интонациялық мағынасы». Осы кезде музыкалық білім беру компонентінің негізгі классификациялық жүйесі құрылады және де мазмұны мен әрбір ерекшелігі интонациялық талдаудан көрінеді.

Парадигмалды – педагогикалық әдіс – педагог–музыканттың мақсаты пен міндеттеріне, принциптер мен мазмұнына, музыкалық білім беру әдістеріне және формаларына көзқарасының қалыптасуы байқалады. Оның шешімі үш деңгейде болады: отандық музыкалық білім беру тарихының негізгі кезеңдерінің дамуында; музыкалық білім беру барысындағы әрбіреуі

(халықтық, дінилік, ақсүйектік) ізденіс кезеңінде қарастыруы; жеке музыкалық – педагогикалық тұжырымдамаларында.

Өркениеттілік әдісі – отандық музыкалық білім беру тарихын әлем тарихи-педагогикалық процесінің қалыптасуы мен дамуында қарастыру.

Болашақ музыка мұғалімі ретінде қалыптасу барысында ғылыми әдебиетте **студенттің логикалық ізденісі бірлігімен бірігіп ізденістің тәртібі** ретінде беріледі және де ғылыми мәселені шешу барысында орындалуы қажет.

Бірақ сол логика абстрактік нәрсе сияқты, студенттің логикалық ерекшелігін, оның қалыптасуын, дамуын бейнелеп көрсете алмайды.

Жоғарғы оқу орындарында студенттің ізденіс жұмысының мазмұнына болашақ музыка мұғалімінің қызметіне тұтастай байланысты (нақты білім-тәрбие мақсатына және шығармашылық әрекетіне кедергі болмай басқа жаққа аумасын).

Ғылыми ізденіс әдісі жаңа жағдайға байланысты, болашақ педагогикалық практикаға байланысты және де педагогикалық эксперимент маңызды орын алу керек, педагогикалық үрдісінің нақты диагностикалық өлшеумен, алғы қалпымен және қорытынды нәтижесімен көрінеді.

Студентті үйрету қажет:

- санды ізденіс материалдарын сұрыптау;
- компьютерлік технологияны қолдану;
- басқада ғылыммен ұштастыру, байланысы болу керек, соны пайдалана білу, оның бағыттарын білу;
- ізденіс жұмысында тұлға дамуының ізденісін ұмытпау;
- жеке компоненттері мен сапалығы, әсіресе әдіснамалық білімі.

Сондықтан, осы талаптарды орындай отыра студенттің қабілеті мен шығармашылық шабыты дамуының екпіні жоғарлайды.

Педагогикалық ізденістің құрылысында болған білім мен тәжірибеге байланысты, оның кезеңдеріне. Студенттің педагогикалық тәжірибесі мен білім қызметі үстінде қорға біртіндеп жинақталады.

Жоғарғы оқу орындарында болашақ мұғалімінің қалыптасуы үш кезеңде жүзеге асады:

- Болашақ музыка мұғалімінің кәсіби әрекетіндегі компонент кезеңдері бекітіледі: кәсіби сенімділігі, ғылыми негізінің білім процесінің қалыптасуы, оның педагогикадан, психологиядан, басқадай пәндер арқылы білімі, мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру қабілеті т.б.

- Қызмет кезіндегі компоненттерінің қабылдауы: оның бірлігі, өзіндік педагогикалық

жүйесінің қатынасы, үйірме жұмысында т.б. Осы кезді өзінің білімін жетілдіруі, қосуы, қабылдауы және оны оқыту мен тәрбие тәжірибесінде қолдана білуі.

- Тұтас тұлға музыка мұғалімінің іс әрекетінің жетілдіру кезеңі – ол деген, бітіру (дипломдық) жұмысының алдындағы практикадағы мұғалім, сынып жетекші қызметін атқаруы, музыка мұғалімінің тұлға ретінде шығармашылығының қалыптасуы.

Осы кезеңдерде студент мүмкіншілігі, ғылымтанымдылық білімі ізденіс жұмысының икемділігінде логикасы анықталады.

Мектепте қызмет жұмысы барысында алғашқы қадам кезеңі - өзіндік сезім ойлауының қажеттілігі мен қызығушылығын арттыру.

Осы мақсатты шешу үшін рефераттар жазу болады, тақырыптары үлгі ретінде келесі: «Менің сүйікті музыка мұғалімім», «Мектепте алған эстетикалық тәрбием», «Мектеп өміріндегі менің алғашқы өнер қадамым» т.с.с. Реферат жазу барысында басқа адамның әлемдік рухын түсіну, педагогикалық құралдарды сезіну, музыка мұғалім тұлғаның жақсы қасиеттерін айыра білу, түсіну, үйрену т.б.

Осындай тақырыпқа байланысты рефераттар жазу – **студенттің ізденіс жұмысының логикалық алғашқы қадамы**. Студентті «өзіндік» педагогикасына, «өзіндік» ғылыми ізденісінің мәселесіне айналады.

Екінші жағдай, күрделі мақсатты шешу барысында, студенттің ізденіс жұмысындағы әдебиеттер негізінен фактілер мен қоғам – педагогикалық практикасы. Фактілерді іздеу барысында тақырыбына қызығушылық туғызады, білім беру, тәрбие мәселелері, материалдарды сұрыптау, барлығы келешекте педагогикалық практикада қолдау жасалады, өзіндік тәрбиелігі, фактілерді жинауға үйретеді, әрине тақырыбына байланысты және ізденіс мақсаттарына шешуге.

Қорыта айтатын болсақ, музыкалық–педагогикалық мәселені әдіснамалық талдау барысында, осы талдау кезекті жақтармен байланыса отыра, берілген талдауды шешуге көмектеседі – логикалық, психологиялық, кәсібилік – оны нақтылайды, мазмұнын бағыттайды.

1. Искусство. Музыказнание, музыкальная психология и музыкальная педагогика: Хрестоматия (Сост. Э.Б.Абдуллин, Б.М.Целковников. – Вып. 1. Ч.2. – М., 1991.

2. Музыкальное образование в школе: Учебное пособие / Под ред. Л.В.Школяр. – М., 2001.

3. Философия, социология, психология искусства и музыкальная педагогика: Хрестоматия / Сост. Э.Б.Абдуллин, Б.М.Целковников – Вып. 1. – Ч.1. – М., 1991.

4. Целковников Б.М. Мирозрение педагога-музыканта: В поисках смысла. Исследование. – М., 1999.

5. Методология музыкального образования: проблемы, направления, концепции. / Отв. Ред. Э.Б.Абдуллин. – М., 1999.

6. Музыкант-педагог. Спецвыпуск журнала «Преподаватель». - №4. – 1999. - №6. – 2001.

7. Сохор А.Н. Вопросы социологии и эстетики музыки. – Кн. II. – Л., 1981.

Музыкально-исполнительская, вокально-хоровая, инструментальная, музыкально-теоретическая деятельность как виды музыкальной работы деятельности.

Music masterly performance, vocal and choral, instrumental, music theory and historical activity as types of music related activity

Өрида Мәжитқызы

БАТЫС АЙМАҚ ҰЙҒЫР ЕЛІНДЕГІ БУДДА МӘДЕНИЕТІ

Ежелгі жібек жолдарының маңызды орындарының бірі болған Түрпан, өзінің абзал жағырапиялық орнынан пайдаланып, Жунго мәдениеті, ежелгі Инді, Гірек мәдениеттерін өзара тоғыстырып, ұйғыр мәдениетіне белгілі әсер етіп, адамзат мәдениетінің қазынасына өшпес үлестерді қосқан. Тарихи қалдық және мың үй қабырға суреттеріне негізделгенде, Түрпан ұйғырлары Шаман діні, Зорастыра діндеріне сенген.

Дін – бір түрлі қоғамдық құбылыс болғандықтан, оның өзіне тәуелді ерекшелігі, табыну объектісі болып қалмастан философиялық идеясы, ұлттың қоғамдық тұрмысы, ғұрып-әдеті қатарлы әр қайсы жақтарға байланысады. Мен бұл мақаламда тек Құжу ұйғыр еліндегі будда дінінің сол уақыттарда бірлікте сақталып тұрған діндерге тәсір көрсетіп және өзара тоғысып тұрғандығы, будда мәдениетінің ұйғыр мәдениеті тарихында ең қадірлеуге татыйтын сала екендігі үстінде тоқталмақшымын.

1. Батыс аймақ ұйғыр хандығы

840-жылы Орхон ұйғыр хандығы ішкі былықбалық, табиғый апат себебінен ойран болып ұйғырлар Пан Текынның бастамашылдығында батысқа көшіп қыши каридоры және бұл жердегі баурластардың көмегінде ганжу ұйғыр хандығын құрды (902-1028). Батыс өңірге кірген ұйғырлар кара қанилар хандығы (844-1212), құжу ұйғыр хандығы (866-1393) құрылған, бұл үш хандық ұйғырлар батысқа көшкеннен кейін құрған 3 үлкен қандық еді. Олардың ішіндегі ең ұзақ билік жүргізгені батыс аймақ ұйғыр хандығы. Оның жалғасқан уақыты 866-жылдан 1393-жылға дейін 527 жылдық тарихты өз ішіне алған. Б.Д.Д. 866-жылы Бөке тегін ұйғыр және басымил тайпаларына жетекшілік етіп тибеттердің қолынан бесбалық, румчы, құжу қатарлы

қалаларды басып алып осы жерлерде жаңа бір ұйғыр хандығын құрып шықты. Бөке тегін басымилардың салты бойынша өзін Ед құт деп атады. Бұл хандық тарихта Ед құт ұйғыр хандығы болды.

Ұйғырлар (Батыс аймақ ұйғыр хандығы) құжу ұйғырлары, анши ұйғырлары деген түрлі атаулармен аталған. Арапша және Парысша материалдар тоғыз, оғыз деген атпен тілге алынады. Хандықтың екі астанасы болған бірі бесбалық, бірі қарақожа. Қарақожа түрпандағы байырғы қалалардың бірі болған, түрпан районында қала мемлекеттерінің қалыптасқан уақыты жаңа эрадан бұрынғы 1000 жылдардың кейінгі жарымына тура келеді. Турки тілдер сөздігіндегі QoCo-ға қатысты бөлімінде бұл ұйғыр қаласы сондай-ақ осындағы барлық қалалардың аты делінген. Жоғарыдағы материалдар батыс аймақ ұйғыр хандығының бұрынғы гүлденген қаланы хандықтың астанасы етіп бекіткендігін көрсетеді, Ед құт ұйғыр хандығы гүлденген хандық болып, 9-ғасыр ақырында оның территориясы батысқа қазіргі күшардың батысына дейін шығыста Ганжу ұйғыр хандығының шажу өңіріне дейін созылған. Ед құт ұйғыр хандығында Пан текыннен бастап 18 патшаның өткендігі туралы мәлімет берілген. Тарихи материалдарда құжу ұйғыр хандығының соңғы ханы «Саңга» деп аталған. Саңгадан кейінгі Ед құттардың аты анық емес, бұл туралы тарихи материалдарда өте кемшіл.

Тарихи материалдарда құжу ұйғыр хандығы 860-жылы құрылған делінген. Бірақ оның жойылған уақыт турасында көзғарастар бірдей емес. Габайын ханым құжу ұйғыр хандығының «хандық қарасы» атты мақаласында «Ед құт ұйғыр хандығы 866-жылы құрылып 1400-жылы жойылған» делінген.